



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz\_jsc mmginfo mangistaumunaigaz

№01 (195), ҚАҢТАР-АҚПАН, 2026

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» БАСҚАРМАСЫ КОМПАНИЯ КЕН ОРНЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

**14 қаңтарда ай сайынғы өндірістік кеңестер аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Жетібай кен орнындағы бірқатар нысандарды аралады.**

Атап айтқанда, Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов «Шығыс Жетібай» кен орнындағы Модульдік компрессорлық станцияның (МКС) жұмысымен танысты. Мұнаймен бірге өндірілетін илеспе газ МКС-қа беріліп, компрессиядан кейін «Жетібай – Жаңаөзен» магистральдық газ құбыры арқылы Қазақ газ өңдеу зауытына (ҚазГӨЗ) айдалады.

Келесі нысан – «Асар» кен орнындағы БКНС-та су жинауға арналған, көлемі 2000 м<sup>3</sup> болатын екі резервуары бар Күшейтілген сорғы станциясы (КСС) болды. КСС-ты пайдалануға беру «Асар» және «Шығыс Жетібай» кен орындарында қабат қысымын ұстап тұру жүйесіне судың тұрақты әрі сенімді жеткізілуін қамтамасыз етті.

Одан әрі Болат Сейтмағанбетов «Асар» кен орнындағы №3 МГӨЦ-ке қарасты №4 топтық қондырғының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Қазіргі уақытта мұнда буферлік сыйымдылық алаңдарын, сорғы агрегаттарын, сұйықтықты қыздыру пештерін, сепараторларды, есепке алу тораптарын және АГЗУ-ды орналастыру, электр желілерін жүргізу, коллекторларды төсеу және басқа да жұмыстар жүргізілуде.

Қоғам Басқармасы сондай-ақ Жетібай кен орнындағы БКНС-3 аумағында орналасқан көлемі 5000 м<sup>3</sup> РВС пен күшейтілген сорғы станциясын аралады. Бұл нысанда да күрделі құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінгі таңда құрылыс монтажданып, кіре беріс жолдар салынуда жұмыстары жүріп жатыр.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Газпоршеньді электр станциясының (ГПЭС) құрылысы жүргізіліп жатқан алаңда да болды. ГПЭС-ті пайдалануға беру ағымдағы жылдың көктеміне жоспарланған, жобалық қуаты – 25 МВт.

Бас директордың бірінші орынбасары сондай-ақ кен орнын басқару орталығына – цифрлық құралдардың көмегімен өндірістік процестерді тәулік бойы бақылап, талдауға мүмкіндік беретін зияткерлік платформаға барды. Қазіргі уақытта нысанда ОИТҚ жұмысшыларымен бірлесіп, жаңа жүйеде жұмыс істеуді үйрету және меңгеру шаралары жүргізілуде.

Сапар барысында Болат Сейтмағанбетов Жетібай кен орнындағы БКНС-1 ауданында орналасқан су қабылдау ұңғымалары бар Күшейтілген сорғы станциясының күрделі құрылыс жұмыстарын да тексерді. Қазіргі таңда №11 және №12 су қабылдау ұңғымаларына апаратын жолдарды төсеу және операторлық ғимараттың ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Қоғам Басқармасының Жетібай кен орнына сапары құрылымдық бөлімшелер басшылары, сервистік компания өкілдері және басқалардың қатысуымен өткен ай сайынғы өндірістік кеңеспен қорытындыланды. Кеңес барысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы есептік кезеңдегі негізгі өндірістік көрсеткіштермен танысып, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуы жөніндегі ақпаратты тыңдады, сондай-ақ кен орнының ағымдағы қызметі мен алдағы жоспарларын талқылады.

Еске сала кетейік, осындай өндірістік кеңес 13 қаңтар күні «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ өткен болатын.

«Қаламқас» және «Жетібай» кен орындарында өткен кеңестердің қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасы өндірістің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және атқарылатын жұмыстардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырмаларды өндірістік басқармалар мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеді.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ҰЖЫМ ҮНІ – КӘСІПОДАҚ, КӘСІПОДАҚ ҮНІ – ӘДІЛЕТ

Қаңтар айы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін еңбек адамының мүддесін қорғау жолындағы маңызды кезеңдермен есте қалды. Қоғамның бас кеңсесінде және оған қарасты «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында өткен кәсіподақ ұйымдарының қорытынды жиындары ұжымдық бірліктің, әділеттілік пен жауапкершіліктің айқын көрінісіне айналды.

9 қаңтар күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өткен жергілікті кәсіподақ ұйымының алқалы жиынына кәсіподақ мүшелерінің атынан сайланған 71 делегат қатысты. Бұл жиын – еңбек ұжымының үні естіліп, салмақты ой мен салиқалы шешімдер тоғысқан маңызды басқосу болды.

Жиында кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Нұрғалиұлы Кентанов жыл қорытындысы бойынша баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Ол еңбек ұжымының әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау, өндірістегі тұрақтылықты сақтау, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы өзара сенімді нығайту бағытында жүзеге асқан нақты бастамалар мен нәтижелерді жүйелі түрде баяндады.

Алқалы жиында Қоғам Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов сөз

сөйлеп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы мен бүкіл еңбек ұжымы атынан Мәди Нұрғалиұлына атқарған жемісті еңбегі үшін шынайы ризашылығын білдірді. Ол кәсіподақ комитетінің жүйелі жұмысы компанияның тұрақты дамуына елеулі үлес қосып отырғанына атап өтті.

Жиын кәсіподақ жарғысының талаптарына сай, ашық әрі әділ жағдайда өтті. Кәсіподақ комитетінің төрағалығына төрт үміткер тіркеліп, олардың әрқайсысы өз бағдарламаларын ұсынды. Делегаттардың жан-жақты талқылауынан кейін жабық дауыс беру өткізіліп, көпшіліктің сеніміне ие болған Әсет Сергейұлы Кенжеш «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы болып сайланды. Делегаттар жаңа төрағаға зор сенім артып, кәсіподақ қызметі ұжым мүддесіне қызмет ететін жаңа белестерге жетелейді деген үміт білдірді.



Осы сайлаудан кейін, 28 қаңтар күні «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында да кәсіподақ ұйымының қорытынды жиыны өтті. Оған кәсіподақ мүшелерінің атынан сайланған 34 делегат қатысып, бірқатар маңызды мәселелерді қарады. Алдымен Әсет Сергейұлы Кенжеш ӨБ бойынша кәсіподақ комитетінің жылдық есебін ұсынып, еңбек ұжымының құқықтарын қорғау, өндірістегі тұрақтылық пен еңбек қауіпсіздігін сақтау бағытындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Әсет Кенжештің компания деңгейіндегі кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайлануына байланысты «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасын сайлау мәселесі күн тәртібіне енгізілді. Жарғы талаптарына толық сәйкес өткен сайлауда үміткер ретінде бір кандидат ұсынылып, нәтижесінде делегаттардың бір ауыздан қолдауымен Аманбек Өмірұлы Сағындықов кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды.

Аманбек Сағындықов – өндіріс жолынан өткен, тәжірибесі мол маман. 1983 жылы Шетпе кентінде дүниеге келген ол еңбек жолын 2005 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ның 2-мұнайгаз өндіру цехында оператор қызме-



тінен бастаған. Әр жылдары шебер, инженер, цех бастығының орынбасары, цех бастығы қызметтерін абыроймен атқарып, өндірісте мол тәжірибе жинады. Жалпы еңбек өтілі – 21 жыл. Тау-кен инженері мамандығы бойынша жоғары білімді, отбасылы, төрт баланың әкесі.

Жиын қорытындысында делегаттар жаңа төрағаға үлкен сенім білдіріп, кәсіподақ ұйымының алдағы қызметі еңбек адамының мүддесін қорғауға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және ұжымдық бірлікті нығайтуға бағытталатынына сенім білдірді.

29 қаңтар күні «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ кәсіподақ комитетінің жаңадан сайланған төрағасы Аманбек Сағындықовты Компания Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов қабылдап, жаңа қызметімен құттықтап, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Кәсіподақ – ұжымның үні, ал сол үннің өзегі – әділет. Бұл жиындар еңбек адамына деген құрметтің, бірлік пен сенімге негізделген ортақ мақсаттың айқын дәлелі болды. Кәсіподақтың жаңа кезеңі берекелі бастамаларға, әділетті шешімдерге және ұжым игілігі жолындағы толағай табыстарға толы болғай.



## ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАР

Өндірістік қауіпсіздік пен азаматтық қорғау талаптарын күшейту, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету дағдыларын жетілдіру мақсатында Қаламқас кен орнында №4 және №1 мұнай-газ өндіру цехтарында жоспарлы оқу-жаттығулар ұйымдастырылды.

11 қаңтар күні МГӨК-4 аумағында «Бөгде заттар табылған кездегі цех қызметкерлерінің әрекеті (террористік акт қаупі)» тақырыбында объектілік жаттығу өтті. Оқу-жаттығу Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңы талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, оған цех қызметкерлері, «KMG-Security» ЖШС күзет қызметі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Қауіпсіздік қызметінің мамандары мен азаматтық қорғау саласының жауапты тұлғалары қатысты.

Шартты сценарий бойынша цехтың әкімшілік ғимаратында жарылғыш затқа ұқсас бөгде қораптың табылуы үлгі ретінде алынып, хабарлау, қоршау, эвакуациялау және қауіпсіз аймақ құру іс-қимылдары толық пысықталды. Бірнеше минут ішінде барлық қызметкерлер ғимараттан қауіпсіз жерге көшіріліп, нысан периметрі бойынша қоршау қойылып, жедел әрекет ету топтары жұмылдырылды. Байланыс пен ескерту жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі тексеріліп, жауапты қызметтердің өзара үйлесімді іс-қимылы тәжірибе жүзінде бекітілді.

Осыған ұқсас оқу-жаттығу МГӨК-1 аумағында да ұйымдастырылып, цех қызметкерлерінің төтенше жағдайлар кезіндегі дайындық деңгейі мен әрекет ету тәртібі пысықталды.

Өткізілген оқу-жаттығулар өндірістік нысандардағы қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, қызметкерлердің жедел әрекет ету қабілетін арттыруға және ықтимал қауіп-қатерлерге әрдайым дайын болу қағидатын орнықтыруға бағытталған маңызды шара болды. Мұндай жаттығулар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның ең басты құндылығы – адам өмірі мен еңбегінің қауіпсіздігін қорғауға негізделген тұрақты саясатының айқын көрінісі болып табылады.



## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Төтенше жағдайларға дайындық – адам өмірін қорғаудың маңызды факторы.

2026 жылғы 23 қаңтарда «Жетібай-мұнайгаз» Өндірістік басқармасының №1 және №2 мұнай-газ өндіру цехтарында объект қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарын пайдалана отырып, «Баршаның назарына» хабарлау сигналы бойынша эвакуациялау тақырыбында жоспарлы оқу-жаттығу өткізілді.

Оқу-жаттығу барысында ықтимал төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету алгоритмдері пысықталып, қызметкерлердің ұйымдасқан және жедел іс-

қимылдары тексерілді. Жаттығуға цех қызметкерлерімен қатар «Neiron-Med» ЖШС медициналық қызметінің мамандары қатысты.

Іс-шара аясында, барлық қызметкерлерді қауіпсіз жиналу орнына эвакуациялау, сондай-ақ шартты түрде зардап шеккен адамды шығару және оған алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша көзделген іс-қимылдар толық көлемде жүзеге асырылды.

Оқу-жаттығу барысында төмендегі бағыттарға ерекше назар аударылды:

- қызметкерлерді «Баршаның назарына» хабарлау сигналы бойынша ұйымдасқан түрде эвакуациялау жүргізу;
- байланыс пен хабарландыру жүйесінің тұрақты және үздіксіз жұмысы;
- жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;
- зардап шеккен адамға жедел алғашқы медициналық көмек көрсету;
- медициналық қызметтермен өзара іс-қимыл.

Оқу-жаттығу нәтижесінде барлық қатысушы құрылымдардың өзара байланысы мен іс-әрекеттері пысықталды. Бекітілген іс-қимыл тәртібі толық сақталып, жоспарланған мақсаттарға қол жеткізілді. Бұл ұжымның төтенше жағдайлар кезіндегі дайындық деңгейінің артқанын айғақтайды.

Азаматтық қорғаныс жүйесінің басты мақсаты – дайындық, үйлесім және жауапкершілік.

**Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы**



## НА МЕСТОРОЖДЕНИИ АСАР ВВЕДЕНА В СТРОЙ НОВАЯ ПОДСТАНЦИЯ

На месторождении «Асар» ПУ «Жетыбаймунайгаз» введена в эксплуатацию новая подстанция ПС-35/6кВ «Асар-1» мощностью 2х10 000 кВА.

Строительство новой подстанции было обусловлено тем, что существующая схема электроснабжения не отвечала растущим потребностям месторождения «Асар», электроснабжение которого осуществлялось от ПС-35/6 кВ мощностью 2х4000кВА АО «МРЭК». В частности, за последние 10 лет на «Асаре» было пробурено 149

нефтедобывающих скважин, что значительно увеличило нагрузку на электросети.

По словам главного энергетика ПУ «Жетыбаймунайгаз» Космурата Абуова, новая подстанция мощностью 2х10 000кВА оснащена современным оборудованием, и что немаловажно, построена практически полностью с



применением отечественных материалов. Для обеспечения электроэнергией электроприемников переменного тока в аварийном режиме, на объекте предусмотрено резервирование источников питания по мощности и установка секционированных распределительных устройств с автоматическим включением резерва при потере питания одной из секций.

В строительстве объекта активное участие принимали как специалисты

АО «Мангистаумунайгаз», так и работники подрядной организации – ТОО «Мангистауэнергомунай».

Ввод в работу новой подстанции позволил в полной мере решить проблему нехватки электрической мощности объектов нефтедобычи в районе месторождения «Асар», что дает реальную возможность, для осуществления намеченных Обществом планов, по дальнейшему развитию нефтепромысла.

## ПОСЛЕ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА ОТКРЫЛАСЬ СТОЛОВАЯ

На месторождении Жетыбай после капитального ремонта открылась столовая № 7, рассчитанная на 75 посадочных мест. В ходе ремонта было обновлено кухонное оборудование, включая пароконвектомат, жарочный и холодильный шкафы, а также обновлена обеденная зона, установлены новые столы и стулья.



Для удобства и соблюдения санитарных требований расширена моечная зона, отдельно организована зона для выдачи молока и воды, обновлена витрина для салатов. Кроме того, расширены и другие внутренние помещения столовой, что позволило улучшить организацию работы и комфорт посетителей. В обеденном

зале установлены колонные кондиционеры, обеспечивающие комфортный микроклимат.


Обновлённая столовая стала более современной, удобной и комфортной и нефтяники уже успели по достоинству оценить позитивные перемены.

## НОВАЯ ПРИСТРОЙКА К ОБЩЕЖИТИЮ РАСШИРИЛА ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ДОСУГА НЕФТЯНИКОВ

В целях улучшения социально-бытовых условий нефтяников на месторождении Жетыбай введена в эксплуатацию пристройка к общежитию № 5. Новый объект создан как комфортное пространство для отдыха и спорта.

На первом этаже пристройки оборудована комната отдыха, предназначенная для восстановления сил и общения после рабочего дня. Второй этаж отведён под спортивный зал, оснащённый необходимым инвентарём для занятий физической культурой: теннисным и бильярдным столами, беговыми и силовыми тренажерами.

Создание благоприятных условий для занятий и спортом и поддержания здорового образа жизни – одно из приоритетных направлений социальной политики АО «Мангистаумунайгаз». На месторождении Каламкас уже более 13 лет успешно функционирует многоцелевой крытый спортивный комплекс, также для нефтяников регулярно



арендуются современные спортивные комплексы в городе Актау, в которых можно заниматься плаванием, фитнесом, бадминтоном, поиграть в мини-футбол, волейбол и т.д.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ӨНДІРІСТЕ ӨРБИГЕН ҚЫРЫҚ ҮШ ЖЫЛ

**Қансұлудың саналы ғұмыры отбасы мен іргелі мұнай кәсіпшілігіне арналғандай дерсің. Оның тапжылмай жасаған 43 жылдық еңбек өтілі - жас мекеменің қалыптасу жылдарында жұмысқа тұрып, кәсіпорынның кемел келешегін жетілдіруге, серпінді дамуына өлшеусіз үлес қосқандығын аңғартады.**



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 Мұнай және газ өндіру цехының 5-дәрежелі операторы Қансұлу Ешжанова еңбегімен еленген, өндірістің тарихында ойып тұрып орын алатын өзіндік еңбек жолы бар, жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын білікті маман. 7-Топтық қондырғыдағы атқаратын қызметінің ой-шұқырын, майдың төгілуіне жол бермеу, тәуліктік мұнай беру нормасын есептейтін автоматтық жүйені бақылау,

құбыр қысымын тексеру, ұңғымаларды қабылдау, жердің астына айдайтын судың мөлшерін қарап, объектілердегі тербелмелі білдектің тоқтап қалмауын басты назарда ұстау секілді жауапты әрі күрделі еңбек міндеттері – әріптесіміздің автоматты түде орындайтын күнделікті жұмысының бір ғана бөлігі екен. Жұмсалып өскен, шаруаға епті кейіпкеріміз үшін адал еңбектің нанын маңдай термен табу басты мақсат көрінеді.

- Цехтағы ұжым арасында сыйластық пен татулық жарасқан, ауыз-біршілік басым. Ұзақ жылдар бойы бір цехта еңбек етуімнің сыры осында деп білемін. Жұмыстың аты жұмыс. Ер адамның, әйел затының жұмысы деп бөлмейміз, орайы келген істі атқаруға, балғамен сорғы тығыздамасын соғуға, задвижка бұрауға қолымыз да, етіміз де үйренді. Қазір жаңа құрылғылар орнатылып, озық технологиялар қолданылады. Жұмысым өзіме ұнайды, қолым жаттығып кеткен, - дейді мұнайымдық ару.

Бір кездері алған білімімен ұштастырып өзгелерден үйрене жүріп мұнайшы мамандығының жемісін көріп отырған Қансұлу Мұратқызының бүгінде тәлімгерлері, тәрбиелеген

шәкірттері де бар. «Жас келсе – іске» дегендей өз білгенін жас мамандармен бөлісіп, өз әлеуеттерін тиімді пайдалануды, өздігінен ізденуге көп уақыт қалмауды жиі айтып, кеңесін беруден жалықпайтынына тәнті болдық.

- Зейнетке шықсам да күшім жеткенінше тұрақты түрде пайдалы іспен айналысым келеді. Анамнан дарыған іс тігетін өнерім бар. Ұлттық құндылықтарымыз: қазақша көйлек, кәжекей, шапан секілді сапалы киімдерді тігіп, сұранысқа ие болса арнайы цех ашсам ба деген жоспарым бар. «Шебердің қолы ортақ» дегендей, әрі қолынан іс келетіндерді жұмыспен қамтып, бір орта қалыптастыру да сауапты іс деп ойлаймын, - дейді өндіріс майталманы.

Отағасымен бірге екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген әріптесіміздің балалары аяқтанған, тәтті немере-жиендері бар. Отбасының түтінін түзу түтетіп отырған аяулы ана, салихалы ене

Қ. Ешжанованың Жаратқаннан берілген сый деп қабылдайтын бұл да бір жетістігі деп түйдік.

Әрқашан мұнайшылар еңбегін басты назарда ұстайтын басшылық тарапы аптап-суыққа қарамай жұмыстың басы-қасынан табылатын жұмыскер Қансұлуды мерекелерге орай «Қаз-МұнайГаз» ҰК АҚ-ның Құрмет грамотасымен, Кәсіподақ комитеті Алғыс хаттармен марапаттап, Қазақстан мұнайының 125 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің мерейтойлық төсбелгісін detaққан.

Сенім үдесінен шыға білген, өндірістік мекеменің қарыштауында қолтаңбасы бар жанкешті еңбек адамы - Қансұлу Мұратқызы да жақын күндері зейнетке шығады. Құрметке лайық әріптесімізге біз де өз тарапымыздан денсаулық пен табыс, отбасына береке-бірлік тілейміз!

**Айсұлу Мұханова**  
ӘҚД 1-санатты аудармашысы



## МАШИНИСТ МӘРТЕБЕСІ

**Ел дамуы ең алдымен адал еңбекке сүйенеді. Мұнайлы өлкенің тыныс-тіршілігін тоқтатпай, өндірістің бірқалыпты жүруіне өлшеусіз үлес қосып жүрген еңбек адамдарының бірі – Жұбанов Нұрым Мұратұлы.**

Нұрым Мұратұлы 1974 жылы Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданына қарасты Аташ елді мекенінде дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін туған жеріндегі балық зауытында (МРХФ) слесарь болып еңбек жолын бастады. Жастайынан еңбекке араласқан ол жауапкершілік пен тәртіптің не екенін сол кезден бойына сіңірді. Бір жылдан соң әскер қатарына шақырылып, Балқашта азаматтық борышын өтеп келеді.

1995 жылдың қаңтар айында Нұрым Мұратұлы өмірін мұнай өндірісімен байланыстырып, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының техникалық сұйықтық дайындау цехына жұмысқа орналасады. Алғашында слесарь болып бастаған ол, кейін машинист қызметіне ауысады. Жұмыс барысында білімін жетілдіріп, «мұнай-газ кен орындарын пайдалану» мамандығын меңгереді. Қазіргі таңда 5-дәрежелі білікті машинист атанған.

Техникалық сұйықтық дайындау цехы – мұнай өндірудің үздіксіз жүруін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар цех. Бұл жерде жүзден астам адам екі ауысыммен тәулік бойы еңбек етеді. Цех қызметкерлері Еділ суы мен Қияқты кен орнынан ауыз су өндіреді, альбеноман суын дайындайды, сондай-ақ ілеспе суды жинап, қабат қысымын ұстау цехына

айдайды. Ал ол су жоғары қысыммен жер астына жіберіліп, мұнай қабаттарының өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді. Яғни бұл цехтың жұмысы – мұнай өндірудің негізі. Ал, осы жерде үлкен жауапкершілікті талап ететін машинист қызметінде жүрген Нұрым Мұратұлы өз қарамағында сыйымдылығы 5000 м<sup>3</sup> екі қазандықты тұрақты бақылауда ұстайды. Қазандықтардың үздіксіз, қауіпсіз әрі талапқа сай жұмыс істеуі – бүкіл өндірістің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Қысым, температура, су көлемі – бәрі де машинистің қырағы назарында. Бір сәттік салғырттықтың өзі үлкен тәуекелге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл қызмет тек тәжірибе мен білімді ғана емес, сабыр мен төзімділікті де қажет етеді.

Ұзақ жылғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Нұрым Мұратұлы өндірістегі жоғары жауапкершілігі, тәртібі мен кәсіби шеберлігі үшін бірнеше мәрте төсбелгілер мен марапаттарға ие болған. Бұл марапаттар – бір ғана адамның емес, қарапайым еңбек адамының қоғамдағы орнын айқындайтын құрметтің көрінісі.

Нұрым Мұратұлы сынды жандар – мұнай өндірісінің көрінбейтін, бірақ ең мықты тірегі. Осындай еңбек адамдарының арқасында ел экономикасы дамып, қарапайым маманның мәртебесі биіктей береді.



## ЕҢБЕКПЕН ЕЛ БОЛҒАН ЖЕР

**Жетібай – маңдай тердің бағасы өлшенетін мекен. Мұнда атақ атаумен емес, атқарған іспен келеді. Қара жердің қойнауынан қазына алынып жатқанымен, шын мәнінде бұл өлкеде ең алдымен адам еңбегі өндіріледі.**



Сол еңбектің ең салмақты жүгін көтеріп тұрған ұжымның бірі – «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №2 мұнай-газ өндіру цехы. Бүгінде мұнда 158 адам еңбек етеді. Үш цехтың ішінде өндіріс жоспарының 52 пайызын қамтамасыз етіп отырған осы ұжымның иығында ел экономикасының

елеулі бір бөлігі тұр. 810 ұңғының 632-сі күн сайын жер қойнауымен тілдесіп, мемлекет қазынасына құйылар қазынаны үздіксіз беріп жатыр.

Бұл – техника мен темірдің ғана емес, адам тағдырының цехы.

Өйткені әр ұңғының артында бір адамның жауапкершілігі, әр ауысымның

артында бірнеше отбасының тағдыры тұр.

Ақпан айы бұл ұжым үшін өзгеше. Өйткені үш адам бір дәуірді аяқтап, зейнетке бет алды. Үшеуі де осы цехқа жас болып келген. Үшеуі де осы жерден ғұмырдың ең ұзақ, ең ауыр, ең мәнді жылдарын өткерді. Енді үшеуі де құрметті еңбек демалысына шығып барады.

Жүсіпова Наталья Майхиқызы – Маңғыстаудың қызы. Оның өмір жолын мұнай саласына алып келген бір ғана кездесу еді. Мектеп қабырғасында жүргенде аудан аралап келген оқу орындары өкілдерімен жүздесуі болашаққа бағыт берді. Сол бағыт оны Ақтаудағы колледжге, одан кейін 1983 жылы Жетібай кен орнындағы 2-цехқа алып келді.

Он сегіз жаста басталған еңбек жолы қырық үш жылға созылды. Бұл жылдар – жай күнтізбедегі сан емес. Бұл – ауысымнан ауысымға жалғасқан жауапкершілік, өндірістің әр сәтіндегі мұқияттық. Осы жылдар ішінде ол ана атанды, әже болды, тағдырдың ауыр сынағын да бастан өткерді. Бірақ ол еңбектен қол үзбеді. Себебі бұл өлкеде адамды алға сүйрейтін жалғыз күш бар – адал еңбек.

Елтаева Балжан Ораққызы – өмірдің өзі шыңдаған маман. Түрікменстанда туып, 1977 жылы Жетібайға қоныс аударған отбасының тұңғышы ретінде тіршіліктің жүгін ерте арқалады.

Жоқшылық пен жауапкершілік оны ерте есейтті. Жетінші сыныптан бастап кешкі мектепке ауысып, күндіз еңбек, кешке оқу – оның жастық шағының шындығы еді.

Өзен қаласындағы №162 ГПТУ-да алған білім оны мұнай саласына алып келді. Ал Жетібай-мұнайгаздағы 2-цех – оның өмірлік тұрағына айналды. Қырық бір жыл бір цехта, бір қызметте еңбек ету – екінің біріне бұйыра бермейтін тағдыр. Бұл – тұрақтылықтың ғана емес, адамдық ұстанымның көрсеткіші. Ұжымын құрмет тұтқан, әріптестерін туыстай көрген Балжан Ораққызы үшін бұл цех жай ғана жұмыс орны емес, өмірінің бір бөлшегі болды.

Аманиязова Мұслима Ізғалиқызы – таңдаудан қорықпаған жан. Атырауда туып, Гурьев политехникалық техникумында мұнай мен газ ұңғымаларының қыр-сырын меңгеріп шыққан жас маман 1986 жылы тағдыр таразысына түскенде Маңғыстауды таңдады. Сол таңдаудың салмағын ол өмір бойы адал еңбегімен көтерді.

Алғашында оператор болып басталған еңбек жолы ізденіс пен табандылықтың арқасында инженер-геолог, кейін инженер-технолог деңгейіне дейін өсті. Бұл – кездейсоқ мансап емес, жылдар бойы жинақталған тәжірибенің нәтижесі. Өндірісте ғана емес, өмірде де осы өңірмен тағдырын байланыстырды. Бұл өңірден өмірлік серігін тапты, шаңырақ көтерді. Жолдасының 2019 жылы кенеттен дүниеден өтуі – жүрекке түскен ауыр із. Бірақ ол да еңсесін түсірмей, еңбекті тірек етті.

Үш тағдыр. Үшеуі де бір ұғымға сыйып тұр – еңбекадамы.

Бұл атақ орденмен емес, жылдармен беріледі.

Бұл мәртебе мінберден емес, мұнайлы даладағы үнсіз қызметтен қалыптасады.

Жетібайдың қара жері көп нәрсені көрді.

Сол жер бүгін де, ертең де ең алдымен еңбекке адал адамдарды ұлықтайды.

Ал елдің еңсесін көтеретін де – дәл солар.



## ЖАҢА ҚОНЫС – ЖАҚСЫЛЫҚТАРҒА БАСТАЙДЫ



Президентіміздің қолдауымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп аталды. Айтулы жыл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компанияларының бірі – «Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігі құрылуының 30 жылдық мерей тойымен тұспа-тұс келді.

Жыл бойы қызметтік міндеттерді сапалы орындап, ұжым абыройын биік ұстаған жұмысшылар қауымының ең басты жетістігі – еңбек адамының амандығы. Осындай айтулы 30 жылдық мерейтой қарсаңында Жетібай базасында 64 адамдық заманауи, кешенді жабдықталған жатақхана ашылды. Бұл жаңа нысан кенорындағы жұмысшылар үшін ең қуанышты жаңалыққа айналды.

2025 жылдың кезекті жұма күні ұйымдастырылған шараға Қарақия ауданы әкімінің орынбасары Манар Аманжолұлы Төлегенов, «МЭМ» ЖШС басшылары, Серіктестіктің ардагерлері және кенорын жұмысшылары қатысты. Еліміздің әнұранымен басталған салтанатты ашылуға аудан әкімінің орынбасары М.Төлегенов Серіктестіктің 30 жыл ішіндегі атқарған ұжымдық жетістіктеріне тоқталып, мәдени-саяси және спорттық, қайырымдылық шараларда мердігерлік басқа компанияларға үлгі болғанын атап өтті.

Шара барысында ұжымның Бірінші басшысы 30 жылдық даму жолдарын

еске ала отырып, еңбек озаттары мен ардагерлерді құттықтады. Жаңа екіқабатты жатақхананың лентасын аудан әкімі М.Төлегенов, «МЭМ» ЖШС Бас директоры Н.Р.Қосбаев және ардагер К.Төлегенов құрметпен қиып, алғашқы қадамдарында тәттілер шашылып, ақ пен бауырсақтан ауыз тигізілді. Жиналғандар жаңа қоныспен танысып, ұжым ардагерінің жастарға батасын беруімен шара тәмамдалды.

Жатақхананың 1 және 2 қабаттарындағы әр бөлме санитарлық талапқа сай жабдықталған: жуыну бөлмелері, жеке шкафтар, тозаңтқыш және ауа салқындатқыш, интернет желісі бар. Жертөледе тынығу, дәрігерлік емдеу, спорттық жаттығу, киімдерді жуу және кептіру бөлмелері арнаулы жиһаздармен жабдықталған.

Жаңа нысан жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын тұрақтандыруға, заманауи өмір салтын ұстануына, бос уақыттарын тиімді әрі денсаулыққа пайдалы өткізуге бағытталған.

«МЭМ» ЖШС-нің 30 жылдығын атап өту аясында өткізілген бұл шара ұжым мүшелерінің ынтымағы мен бірлігін одан сайын нығайтып, алдағы жылда жаңа бастамалар мен табысты істерге серік болатынына сенім береді.

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС



## САЛЫҚ ТӨЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ҰЙЫМДАР ҚАТАРЫНДА



«Oil Construction Company» ЖШС Маңғыстау облысы бюджетінің қалыптасуына қосқан үлесі және мінсіз салық тәртібі үшін «Үздік салық төлеуші» байқауының «Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимі – байланыс және көлік» номинациясымен марапатталды.

Маңғыстау өңірінің экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, қаржылық ашықтықты басты қағида еткен кәсіпорын мемлекеттік бюджетке тұрақты түрде қомақты түсімдер аударып келеді.

Бұл марапатты компанияның жүйелі жұмысы мен жоғары төлем тәртібі үшін мемлекеттік органдар тарапынан алған лайықты бағасы деуге болады. Сондай-ақ ұйымның салық мәдениетіне деген жоғары көзқарасының, мемлекет алдындағы жауапкершілігінің және кәсіпкерлік этиканы берік ұстануының дәлелі деп есептеген жөн.

Компания бұл жетістікті даму жолындағы маңызды ынталандыру ретінде қабылдап, алдағы уақытта да салық мәдениетінің жоғары стандарттарын сақтауға ниетті. Ал есепті кезеңде қаржылық құжаттаманың дұрыстығын қамтамасыз етіп, салық тәртібін жоғары деңгейде сақтауға үлес қосқан Бас директордың экономикалық сұрақтар



бойынша орынбасары Б.Монтыбаевқа және оның басшылығындағы есеп пен қаржы бөлімдерінің кәсіби мамандарына шынайы алғыс білдіреміз. Қызметкерлердің жауапкершілікпен атқарған еңбегі барлық есеп-қисаптың уақытылы әрі талапқа сай жүргізілуіне мүмкіндік бергені сөзсіз.

Индира Сәтенбай  
«Oil Construction Company» ЖШС

## БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЙЕЛЕНДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының хаттамалық тапсырмалары мен «Oil Services Company» ЖШС Бас директорының тиімділікті арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында компанияда персоналды дамыту және басқарушылық әлеуетті күшейту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Осы мақсатта компания қызметкерлері MBA базасында әзірленген «Басқару стандарттары» бағдарламасы бойынша 6 модульден тұратын оқыту курсынан өтті. Оқу нәтижесінде 40 қызметкер басқарушылық құзыреттерін арттырып, 40 басқарушылық жоба әзірледі. Бүгінгі таңда олардың бір бөлігі компания басшылығы деңгейінде сәтті қорғалды.

Ұсынылған жобалар өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға, шығындарды оңтайландыруға, еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздікті күшейтуге, сондай-ақ басқару және бақылау жүйелерін автоматтандыруға бағытталған. Атап айтқанда, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары кезіндегі апаттардың алдын алу, бұрғылау және цементтеу процестерін жетілдіру, жабдықтардың сенімділігін арттыру, логистикалық және әкімшілік процестерді оңтайландыру мәселелері қамтылды.

Жобаларды қорғау барысында қатысушылар өз бастамаларының практикалық маңызын, нақты өндірістік және экономикалық тиімділігін дәлелдеді. Компания басшылығы барлық жобалардың тәжірибеде толық іске асырылып, нақты нәтижелерге қол жеткізуі қажет екенін атап өтті.

Қазіргі уақытта басқарушылық жобаларды қорғау жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Қорғаудан сәтті өткен қызметкерлер қатарын алдағы



уақытта жаңа қатысушылар толықтырады. Бұл бастама компанияның даму стратегиясын іске асыруға, басқару мәдениетін жетілдіруге және персоналдың кәсіби өсуіне елеулі үлес қосатыны сөзсіз.

Компания басшылығы жобаларын сәтті қорғаған барлық қызметкерлерге белсенділігі мен кәсіби еңбегі үшін алғыс білдіріп, ұсынылған бастамалар өндірістік тәжірибеде табысты жүзеге асады, жаңа жетістіктерге жол ашады деген сенім білдірді.

«Oil Services Company» ЖШС

## ЖАС МАМАН ТОКИОДА ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТТІ

«Мунайтелеком» ЖШС ЦАП Жетібай өндірісті автоматтандыру инженері Ботабай Бекзат Жапонияның мұнай және тұрақты энергетика саласындағы ынтымақтастық орталығында «мұнай және газ саласындағы көшбасшылық» тақырыбында (Japan Cooperation Center of Petroleum and Sustainable Energy) тағылымдамадан өтті.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның «Алып» ысырапсыз көзқарас бағдарламасында үздіктер қатарынан көрінген жас маман «Мұнай-газ өнеркәсібіндегі жобаны басқару» тақырыбы бойынша білімін жетілдірді.

14 күндік оқу бағдарламасында Қазақстан, Сауд Арабиясы, Индонезия, Перу, Тайланд, Ирак, Камбоджа, Пәкістаннан келген қатысушылар дәріс алды. Олардың арасында өндірісте жұмыс істейтін қарапайым қызметкерлерден бастап, ауқымды ғылыми жоба авторлары, өз мемлекетіндегі энергетика министрлігінің өкілдері де бар.

Жапониядағы оқу барысында көшбасшылық дағдыларды дамыту, ESG қағидаттарын өндірістік және басқарушылық шешімдерге енгізу, сондай-ақ көміртек бейтараптығына қол жеткізу



жолдары бойынша білім алдық. Оқу аясында тұрақты даму, экологиялық жауапкершілік және корпоративтік басқару тақырыптары бойынша теориялық сабақтар мен тәжірибелік кейстер қарастырылды. Сонымен қатар Жапонияның озық компанияларының тәжірибесімен танысып, сала мамандарымен кәсіби пікір алмастық.

Оқуды сәтті тамамдаған қатысушыларға алған білімін растайтын сертификаттар табыс етілді.

«Мунайтелеком» ЖШС



## ҚАРТТАР ҮЙІНДЕ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен экологияны қорғау бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Осы бастамалардың аясында компаниядағы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен №2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы – Қарттар үйінде сенбілік шарасы өтті. Іс-шара барысында компания қызметкерлері мекеме аумағын тазалап, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар жасыл желекті көбейту мақсатында көшеттер отырғызылып, аумақтың көркеюіне үлес қосылды. Сенбілік қарттар үйі тұрғындары үшін қолайлы әрі таза орта қалыптастыруға бағытталды.

Сонымен қатар, іс-шара аясында қарттар үйі тұрғындарына күнделікті тұтынуға қажетті азық-түлік өнімдерінен құралған қайырымдылық көмегі көрсетілді. Бұл игі іс тұрғындардың ризашылығына бөленіп, олардың көңіл-күйін көтеруге оң әсерін тигізді. Аталған шараның негізгі мақсаты – қарттарға моральдық және тұрмыстық қолдау көрсету, жас мамандар арасында қайырымдылық мәдениетін нығайту, сондай-ақ экологиялық жауапкершілікті арттыру. Мұндай бастамалар қызметкерлердің қоғамдық



белсенділігін күшейтіп, ұжымдық рухты нығайта түседі.

Қарттар үйі әкімшілігі көрсетілген қолдау үшін алғысын білдіріп, компанияның әлеуметтік бағыттағы бастамаларының маңыздылығын атап өтті.

Алдағы уақытта да «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС Жас мамандар кеңесі экологияны қорғау, қолдау көрсету және қоғамға пайдалы жобаларды жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр. Бұл – компанияның тұрақты даму қағидаттарына және әлеуметтік жауапкершілікке адалдығын айқындайтын нақты қадам.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС

## ҚАНТ ДИАБЕТИ КЕЗІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТАМАҚТАНУ

**Қант диабеті — бұл зат алмасудың бұзылуы, адам ағзасын инсулиннің болмауына немесе ағзаның оны тиімді қолдана алмауына байланысты қандағы қантты дұрыс қолдана алмайды. Ол қандағы қанттың жоғарылауына әкеледі, қатты шөлдеу, көп мөлшерде зәр шығару, шаршау және салмақ жоғалту сияқты белгілерді тудырады.**

Ұзақ мерзімді бақыланбайтын қант диабеті көз, бүйрек және жүйке жүйесі сияқты әртүрлі мүшелерге зақым келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, бұл жүрек ауруы мен инсульт қаупін арттыруы ықтимал.

№ 9 диета қант диабеті үшін емдік мақсатта – қалыпты немесе сәл артық салмағы бар, қант диабетінің жеңіл және орташа ауырлық деңгейіндегі, инсулинді қажет етпейтін немесе аз мөлшерде қабылдайтын адамдарға тағайындалады.

9-диетаның жалпы сипаттамасын энергетикалық құндылықтың, негізінен көмірсулар (әсіресе оңай сіңетін) мен ақуыздардың қалыпты мөлшерінде аз мөлшерде майлардың есебінде қалыпты шектеу деп қарауға болады. Холестерин мен экстрактивті заттардың (тағамдарға жағымды хош иіс пен дәм беретін) шектелуі. Липотропты (май алмасуын реттейтін) заттар мен дәрумендердің көбеюі. №9 диетаның мақсаты – көмірсулар алмасуын, май, су-тұз және ақуыз алмасуын қалыпқа келтіру.

Жеуге ұсынылатын және болмайтын азық-түліктер мен тағамдар

1. Нан және ұн өнімдері. Мыналар ұсынылады: қара бидайдан, ақуыз-бидайдан, ақуыз-кебектен, көмірсулардың нормасы шегінде 2-ші сұрыпты бидайдан пісірілгендер. Майлы және тәтті ұн өнімдерін жеуге болмайды.

2. Ет және құс еті. Мыналар ұсынылады: майсыз сиыр еті, бұзау еті, қой еті, қоян еті, туралған және

кесілген тауық еті, қайнатылған, бұқтырылған және қайнатылғаннан кейін қуырылған сиыр еті, тауық еті. Майсыз ветчина, докторская, диабеттік, сиыр шұжықтары, шұжықтар. Майлы сұрыптардағы еттерді, қаз, үйрек, майлы ветчина, ысталған шұжық, консервілерді жеуге болмайды.

3. Балық. Мыналар ұсынылады: қайнатылған, пісірілген және кейде қуырылған, майсыз түрлері. Шектеулі түрде малынған майшабақ; томат тұздығындағы немесе өз шырынындағы консервілер. Майлы түрлерін, тұздалғандарын жеуге болмайды.

4. Жұмыртқа. Мыналар ұсынылады: саны 2-ге дейін пісірілген және қуырылғанын жеуге болады.


5. Сүт өнімдері. Мыналар ұсынылады: сүт, йогурт, айран, майсыз немесе жартылай майсыз сүзбе, тұздалмаған және майсыз ірімшік, шамалы қаймақ. Тәтті сүзбе, кілегей болмайды. Құрғақ бие сүтінен жасалған өнімдер ұсынылады.

6. Майлар. Мыналар ұсынылады: сары май және өсімдік майлары. Ет және пісіретін майлар болмайды.

7. Жарма, макарон және бұршақ дақылдары. Мыналар ұсынылады: арпа, қарақұмық, арпа, тары, сұлы жармасы, көмірсулардың мөлшерін ескере отырып, шамалы бұршақ болады. Жарма, күріш, макарон өнімдері болмайды.

8. Көкөністер. Мыналар ұсынылады: қырыққабат, салат, асқабақ, цукини, қияр, қызанақ, баклажан. Көмірсулардың мөлшерін ескере отырып, картоп, сәбіз, қызылша, жасыл бұршақ жеуге болады. Маринованған және тұздалған тағамдар болмайды.

9. Сорпалар. Мыналар ұсынылады: майсыз еттен, балықтан жасалған, саңырауқұлақтан қайнатылған, картоп, көкөністер, фрикаделькалар, рұқсат етілген жармалар қосылған сорпалар; борщ, қырыққабат сорпасы, қызылша, окрошка (ет және көкөніс). Майлы сорпалар, жарма мен кеспе қосылған сүт, бұршақ дақылдарынан жасалған сорпа ішуге болмайды.



10. Жемістер, тәтті тағамдар. Мыналар ұсынылады: кез келген түрдегі тәтті және қышқыл жемістер мен жидектер. Жүзім, мейіз, құрма, інжір, банан, қант, бал, джем, көмпит, балмұздақ жеуге болмайды.

11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Мыналар ұсынылады: көкөніс сорпасындағы, майсыз еттің, балық және саңырауқұлақтың сорпасындағы тұздықтар, желкек, бұрыш, қыша (шектеулі). Ащы, тұзды және майлы тұздықтар болмайды.

12. Сусындар. Мыналар ұсынылады: шай, кофе, қантсыз сүт қосылған какао, итмұрын сорпасы, қантсыз жаңа қайнатылған жеміс-жидектердің шырындары, қызанақ шырыны. Тәтті жеміс-жидектен жасалған шырындар (жүзім және басқалары), тәтті квас, қант қосылған лимонадтарды ішуге болмайды.

Белгілі бір тағамдарды жеу және басқаларды шектеу диабетпен ауыратын адамдарға қандағы қант деңгейін бақылауға көмектеседі. Денсаулық зор байлық.

Накижанова А.И.  
Эндокринолог  
«Neiron-med» ЖШС Ақтау қ. филиалы

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ЖЕР ҚОЙНАУЫНАН ШЫҢ БАСЫНА ДЕЙІН

Адам арманының биігі таулармен өлшенсе, сол биіктерге қол созып, асқар асуларды бағындыру – ерік-жігері мығым, рухы асқақ жандардың ғана қолынан келетін іс. Осындай жігерлі жандардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары Қайырбай Жарылғасов та бар.

Бүгін әріптесіміз Африка құрлығының ең биік нүктесі — Килиманджаро шыңын 5895 метр биіктікте бағындырып, жеке өміріндегі ғана емес, бүкіл мұнайлы өңірдің мерейін асырған тарихи белесті еңсерді.

Килиманджаро — Танзания жерінде орналасқан, қарлы шыңын экватор белдеуінде сақтап тұрған сирек табиғи құбылыс. Үш жанартаудан — Кибо, Мавензи және Ширандан құралған бұл тау — миллиондаған жылдар бойы Африка аспанымен тілдесіп тұрған қарлы алып.

Килиманджаро — тек географиялық нүкте ғана емес, ол адам ерік-жігерінің, табандылық пен төзімнің символына айналған шың.

Қарлы желі мен жұқа ауа, күрделі климаттық жағдайлар мен ұзақ жаяу маршрут — бұл шыңға шығу жолындағы әрбір қадам нағыз ерлікке пара-пар. Мұндай биікті бағындыру — физикалық дайындықпен қатар, рухани беріктікті де талап ететін сын.

Қайырбай Жарылғасов үшін бұл алғашқы асу емес. Бұған дейін ол Еуропа құрлығының ең биік нүктесі — Эльбрус шыңын (5642 м) бағындырып, тауға деген махаббаты мен табандылығын дәлелдеп, компаниямыздың жалауын желбіреткен болатын. Енді міне, Африканың да асқар шыңын тізе бүктіріп, биік армандарға апарар жолда тағы бір ірі белесті артқа қалдырды.

Бұл жетістік — тек жеке жеңіс емес. Бұл — «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымының қайсар рухын, еңбек адамының биік мұратын айшықтайтын мақтаныш.

Әріптесімізді зор жетістігімен шын жүректен құттықтай отырып, болашақта да әлемнің ең биік шыңдарын бағындырып, жаңа асуларды еңсере беруіне, денсаулығы мықты, рухы биік болуына тілектестік білдіреміз. Асқар шыңдарға бастар жолыңыз әрдайым ашық, жеңісті күндеріңіз көп болсын, Қайырбай мырза!

Асқақ армандар асқар шыңдармен ұштаса берсін!



## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ▶ «Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл жазатайым оқиғалар мен өндірістік тәуекелдердің алдын алудың қарапайым, түсінікті және сенімді әдісі.
- ▶ Бұл қағидаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлері сақтауға міндетті. «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұстану - адам өмірін сақтаудың ең маңызды тәсілі.
- ▶ Біздің жұмысшыларымыз, басшылығымыз, қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, сондай-ақ мердігерлеріміз бұл мәселеде жауапкершілікті көрсетеді және осы қағидаларды сақтайды деп сенеміз.
- ▶ Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның саясаты келесідей қағидаларды көздейді:



«Өмірлік маңызды қағидалар» бойынша толық ақпарат алу үшін ұялы телефон арқылы QR-code бойынша өтіңіз



	<p><b>МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ</b></p> <p>Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ</p> <p>Редактор: Есназар Сұлтанов</p> <p>Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Л. Жолдыбаева</p> <p>Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194</p> <p>Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<p>▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді</p> <p>▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды</p> <p>▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p>	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.</p> <p>Индексі: 64265</p>	<p>«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Ақтау қаласы, «Дукат» ТҮ, 17 ш.а., 1 үй, 3 кеңсе</p> <p>тел: 8(7292)525 500</p>
--	---	---	--	--	--	--